

Оралмандардың 2002 жылға арналған көшіп келу квотасы туралы

Қазақстан Республикасы Президентінің Жарлығы. 2002 жылғы 16 қыркүйек N 945

"Халықтың көші-қоны туралы" 1997 жылғы 13 желтоқсандағы Қазақстан Республикасының Заңына сәйкес және өзінің тарихи отанына оралуға тілек білдірген оралмандар отбасыларының қоныс аударуын және жайласуын ұйымдастыру мақсатында қаулы етемін:

1. Қосымшаға сәйкес Қазақстан Республикасының Үкіметі ұсынған оралмандардың 2002 жылға арналған көшіп келу квотасы 2655 отбасы мөлшерінде белгіленсін.

2. Қазақстан Республикасының Үкіметі облыстардың, Астана және Алматы қалаларының әкімдерімен бірлесіп:

1) оралмандардың көшіп келу квотасына енгізілгендерді қабылдауды, жайластыруды және орналастырылған жерлерде олардың бейімделуі үшін жағдай жасауды қамтамасыз етсін, сондай-ақ өзінің тарихи отанына мемлекеттің қаржылай қолдауынсыз қайтып орала алмайтын ұлты қазақ адамдарды ұйымдасқан түрде қоныстандыруды жүзеге асырсын;

2) бір ай мерзім ішінде аймақтардағы әлеуметтік-экономикалық жағдайға байланысты оралмандарды орналастырудың схемасын жасасын;

3) осы Жарлықты іске асыру жөнінде өзге де шаралар қолдансын.

3. Осы Жарлық қол қойылған күнінен бастап күшіне енеді.

Қ а з а қ с т а н Р е с п у б л и к а с ы н ы ң

Президенті

Қазақстан Республикасы Президентінің

2002 жылғы 16 қыркүйектегі

N 945 Ж а р л ы ғ ы н а

қосымша

Ескерту. Қосымша жаңа редакцияда - ҚР Президентінің 2002.10.16. N 964 жарлығымен.

Оралмандардың 2002 жылға арналған көшіп келу квотасы (отбасы)

Облыстардың, қалалардың атаулары	Қытай Халық Республикасы	Мон-ғолия	Ресей Федерациясы	Түркімен-стан	Өзбек-стан Республикасы	Қырғыз Респуб-ликасы	Бар-лығы
Ақмола			20		320		340
Ақтөбе			5	15	150		170
Алматы	15				35		50

Атырау					40		40
Ш ы ғ ы с Қазақстан	25				5		30
Жамбыл					100		100
Б а т ы с Қазақстан			20		70		90
Қарағанды					300		300
Қызылорда					50		50
Қостанай			50		300		350
Маңғыстау				40	127		167
Павлодар			45		250		295
Солтүстік Қазақстан			40		330		370
Оңтүстік Қазақстан					217		217
А с т а н а қаласы		1	10	5	25	5	46
А л м а т ы қаласы	5	2	5	3	20	5	40
Жиынтығы	45	3	195	63	2339	10	2655